

А.Е. Калиева^{1*}, **П.Қ. Салибекова²**,
Г.К. Андабаева¹, **Т.М. Балтабай¹**

¹ Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Almaty Management University, Алматы, Қазақстан

*e-mail: Assem.Kalieveva@kaznu.edu.kz

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҚОЛДАНУ ӘЛЕУЕТІ: ЖАҒАҢДЫҚ ҮРДІСТЕР МЕН ҚАЗАҚСТАН ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР

Демографиялық қысымның, климаттың өзгеруінің, ресурстардың сарқылуының және азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қауіптердің өсіп келе жатқан жағдайында ауыл шаруашылығы тұрақты дамудың негізгі буынына айнауда. Бұл мақалада халықаралық трендтер мен қазақстандық контекстке баса назар аударып, аграрлық салада жасанды интеллект (AI) технологияларын қолданудың экономикалық тиімділігі мен әлеуетін бағалауға арналған. Өнімділікті арттыру, шығындарды оңтайландыру, климаттық тәуекелдерді болжау, логистиканы жақсарту және өсімдіктер мен жануарлар ауруларын ерте анықтау үшін AI мүмкіндіктері талданды. Шетелдік кейстер мен отандық бастамаларды талдау негізінде өсімдік шаруашылығында, мал шаруашылығында және агромониторингте жасанды интеллект енгізу тәжірибелері қарастырылды.

Мақалада 2009–2023 жылдар кезеңінде Қазақстанның агросекторының цифрлық жетілуінің макроэкономикалық, инновациялық және институционалдық индикаторларына салыстырмалы және корреляциялық талдау жүргізілді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында жасанды интеллекті ауқымды енгізу үшін стратегиялық бағыттарды ұсынады: мемлекеттік қолдауды күшейту, инновациялық инфрақұрылымды дамыту, кадрлық даярлық және агростатистиканы цифрландыру.

Осылайша, жасанды интеллект Қазақстанның ауыл шаруашылығының тиімділігін, тұрақтылығын және технологиялық егемендігін арттырудың көпсалалы драйвері ретінде қарастырылады. Алынған нәтижелер АӨК цифрлық трансформациясының кешенді моделін қалыптастыру үшін аналитикалық база ретінде қызмет етеді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығындағы инновациялар.

A.Ye. Kaliyeva^{1*}, P.Q. Salibekova², G.K. Andabayeva¹, T.M. Baltabay¹

¹ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

² Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: assem.kalieveva@kaznu.edu.kz

Economic efficiency and prospects for the application of artificial intelligence in agriculture: global trends and opportunities for Kazakhstan

In the context of increasing global challenges of demographic pressure, climate change, resource depletion and threats to food security, agriculture is becoming a key element of sustainable development. This article is devoted to assessing the economic efficiency and potential of using artificial intelligence (AI) technologies in the agricultural sector, with an emphasis on international trends and the Kazakh context. The possibilities of AI for increasing yields, optimizing costs, predicting climate risks, improving logistics, and early detection of plant and animal diseases are analyzed. Based on the analysis of foreign cases and domestic initiatives, the practices of introducing AI in crop production, animal husbandry and agromonitoring are considered.

The study provides a comparative and correlation analysis of macroeconomic, innovative and institutional indicators of the digital maturity of the agricultural sector in Kazakhstan for the period 2009–2023. Key barriers have been identified: low investment in R&D, fragmented scientific infrastructure, and limited institutional support. The article suggests strategic directions for the large-scale implementation of AI in agriculture: strengthening government support, developing innovative infrastructure, personnel training and digitalization of agricultural statistics.

Thus, AI is considered as a multidisciplinary driver for improving the efficiency, sustainability and technological sovereignty of agriculture in Kazakhstan. The obtained results serve as an analytical basis for the formation of a comprehensive model of the digital transformation of agriculture.

Keywords: artificial intelligence, agriculture, food security, digital transformation, innovation in agriculture.

А.Е. Калиева^{1*}, П.К. Салибекова², Г.К. Андабаева¹, Т.М. Балтабай¹

¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

² Almaty Management University, Алматы, Казахстан

*e-mail: assem.kalieva@kaznu.edu.kz

Экономическая эффективность и перспективы применения искусственного интеллекта в сельском хозяйстве: мировые тенденции и возможности для Казахстана

В условиях нарастающих глобальных вызовов демографического давления, климатических изменений, истощения ресурсов и угроз продовольственной безопасности сельское хозяйство становится ключевым звеном устойчивого развития. Настоящая статья посвящена оценке экономической эффективности и потенциала применения технологий искусственного интеллекта (ИИ) в аграрной отрасли с акцентом на международные тренды и казахстанский контекст. Проанализированы возможности ИИ для повышения урожайности, оптимизации затрат, прогнозирования климатических рисков, улучшения логистики и раннего выявления болезней растений и животных. На основе анализа зарубежных кейсов и отечественных инициатив рассмотрены практики внедрения ИИ в растениеводстве, животноводстве и агромониторинге.

В исследовании проведен сравнительный и корреляционный анализ макроэкономических, инновационных и институциональных индикаторов цифровой зрелости агросектора Казахстана за период 2009–2023 гг. Выявлены ключевые барьеры: низкий уровень инвестиций в НИОКР, фрагментарность научной инфраструктуры и ограниченная институциональная поддержка. Статья предлагает стратегические направления для масштабного внедрения ИИ в сельском хозяйстве: усиление государственной поддержки, развитие инновационной инфраструктуры, кадровая подготовка и цифровизация агростатистики.

Таким образом, ИИ рассматривается как мультидисциплинарный драйвер повышения эффективности, устойчивости и технологического суверенитета сельского хозяйства Казахстана. Полученные результаты служат аналитической базой для формирования комплексной модели цифровой трансформации АПК.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровизация агросектора, продовольственная безопасность, инновации, инновации в сельском хозяйстве.

Кіріспе

Соңғы онжылдықтарда жасанды интеллект (AI) экономиканың негізгі секторларында, соның ішінде өнеркәсіп, энергетика, қаржы, қызмет көрсету, медицина, туризм және логистикада берік орнықты. Оны пайдалану процестерді оңтайландыруға, болжау дәлдігін жақсартуға, тәуекелдерді басқаруды жақсартуға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Дегенмен, айтарлықтай технологиялық прогреске қарамастан, ауыл шаруашылығы цифрландырудың ең баяу салаларының бірі болып қалуда. Бұл ретте халық санының өсуі, климаттың өзгеруі және табиғи ресурстардың деградациясы жағдайында ауыл шаруашылығының және жалпы агроөнеркәсіптік кешеннің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі және маңыздылығы арта түсуде.

Зерттеудің өзектілігі өсіп келе жатқан халық саны, табиғи ресурстардың сарқылуы, климаттық өзгерістер мен сыртқы ортаның құбылмалылығы жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шешімдерін табу қажеттілігінде. Инновациялық технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект (AI) және үлкен деректердің аналитикасы ауыл шаруашылығы өндірісін оңтайландыруда және азық-түлік шығындарын азайтуда маңызды рөл атқара алады. Азық-түлік қауіпсіздігінің 11-ші жаһандық индексіне (Economist Impact, 2024) сәйкес әлемдік азық-түлік жағдайы үшінші жыл қатарынан нашарлауда. Бұл үрдіс бірқатар аймақтарда аштық деңгейінің өсуімен, азық-түліктің қолжетімділігінің төмендеуімен және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың нашарлауымен қатар жүреді. Дүниежүзілік халықтар жөніндегі неміс қорының (2024) мәліметтері бойынша жер шарын-

дағы халық саны 8,16 миллиард адамға жетті, бұл азық-түлік жүйесіне қысымды күшейтуде. Алайда, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстар бұл өсімге төтеп бере алмауда. 2050 жылға қарай дүние жүзіндегі адам саны 9,7 млрд-қа дейін ұлғаяды (United Nations, 2024), өз кезегінде азық-түлікке деген қажеттілік 70%-ға артады (ФАО, 2024) деп болжамдалады. Сонымен бірге, парадоксалды жағдай – өндірілген азық-түліктің шамамен үштен бірі жыл сайын жоғалады немесе ысырап болады (Iraní et al., 2018).

Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығын цифрландыру, оның ішінде жасанды интеллект (AI) және үлкен деректер технологияларын өндіріс барысына кіріктіру азық-түлік жүйелерінің тұрақтылығын арттырудың негізгі факторына айналуы мүмкін. Қазіргі заманғы технологиялық шешімдердің өзі ауылшаруашылық процестерін оңтайландыруға, дәл (нүктелік) егіншілік арқылы егін өнімділігін арттыруға, азық-түлік шығындарын азайтуға, сыртқы ортаның құбылмалылығымен, климаттың өзгеруімен және жабдықтаудың үзілуімен байланысты тәуекелдерді болжауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы өндірісіне жасанды интеллект құралдарын енгізу үлкен территорияға ие және климаттық шарттары түрлі болып келетін Қазақстан үшін өзекті болып отыр. Айта кететін жайт, Қазақстанның кең ауқымды жер ресурстарына ие болуы (272,5 млн. га) оны дүниежүзілік азық-түлік жүйесіндегі негізгі ойыншылардың біріне айналдырады. 2022 жылы ел азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық индексіне алдыңғы жылмен салыстырғанда 5 сатыға позициясын жақсартып, 113 елдің ішінде 32-ші орынға ие болды. Дегенмен, ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті әлі де толық іске асырылмай отыр. Бұл тұрғыда, жасанды интеллект әлеуетін егіншілікке, топырақ жағдайы мен дақылдардың жай-күйін бақылауға, суаруды автоматтандыруға, егін өнімділігін болжауға және өсімдіктер мен жануарлар ауруларының алдын алуға пайдалануға болады.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистикалық бюросының (2024 ж.) мәліметтері бойынша ауыл шаруашылығының елдің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 3,9 пайызды құрайды. Салыстыру үшін, дамыған елдерде (АҚШ, Германия, Франция) бұл көрсеткіш 1%-дан 3%-ға дейін ауытқиды, бұл автоматтандыру мен цифрлық шешімдердің арқасында сектордың жоғары өнімділігіне бай-

ланысты. Дамушы елдерде (Үндістан, Бразилия) ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесі жоғары (10–30%), бірақ технологиялық деңгей жиі төмен болып қалады (TheGlobalEconomy.com, 2024)

Осылайша, ауыл шаруашылығында жасанды интеллект құралдарын белсенді қолдану, оларды әзірлеу заманауи технологиялық үрдіс бола отырып, азық-түлік қауіпсіздігін арттыру, ауыл шаруашылығы жүйелерінің тұрақтылығын және жалпы ұлттық экономиканы жаңғыртудың стратегиялық маңызды бағытына айналуға.

Әдеби шолу

Жасанды интеллект қазіргі заманғы процестердің ажырамас элементіне айналуға және экономикалық модельдер мен өндіріс жүйелерін өзгертудегі оның маңыздылығы артуда. Соның ішінде, заманауи жасанды интеллект технологиялары ауылшаруашылық процестерін оңтайландыруға, дәл егіншілікті жүзеге асыруға, дақылдардың мониторингін жақсартуға және дақылдардың ауруларын диагностикалауға мүмкіндік береді (Pandey & Mishra, 2024:72-84). Бұл инновациялар ресурстардың тиімділігін арттырады және өндіріс тәуекелдерін азайтады (Azizi, 2024).

Бүгінгі таңда жасанды интеллект құралдарын ауыл шаруашылығы секторына белсенді енгізу деңгейі дамыған елдерде жоғарырық (Conesa-Muñoz et al. 2016) және жұмыс орындарын жоғалту ықтималдығы туралы аландаушылыққа қарамастан, бұл технология дамушы елдер үшін маңызды перспективалар ұсынады (Lor, 2018). Ғалымдардың зерттеулері AI әлеуеті егін өнімділігін арттыруды ғана емес, сонымен қатар тыңайтқыштар мен суаруды басқаруды жақсартуды, оңтайландырылған егін жинауды және егін жинаудан кейінгі процестерді тиімдірек басқаруды қамтитын көрсетті (Dharmaraj and Vijayanand, 2018; Eli-Chukwu, 2019; Lioutas et al., 2021; Shen et al., 2021).

Ауыл шаруашылығында цифрлық теңсіздіктің болуына қарамастан (Rotz et al., 2019; Lioutas et al., 2021), одан әрі дамыту, озық технологияларды енгізу үшін айтарлықтай мүмкіндіктер бар. AI қолдану, сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігінің барлық төрт аспектісіне (азық-түлік қолжетімділігі (availability), экономикалық және физикалық қолжетімділік (accessibility), азық-түлікті тиімді пайдалану (utilization), тұрақтылық (stability)) әсер етеді (Chamara et al., 2020).

Сондай-ақ AI тамақ қалдықтарын азайту, азық-түлік сақтауды басқаруды жақсарту және жеткізу тізбегін оңтайландыру сияқты байланысты процестерде маңызды рөл атқарады (Pandey & Mishra, 2024; Azizi, 2024). AgriTech drone swarm intelligence технологиялары сияқты жаңа тәсілдер шалғай және қол жетімді емес аймақтарда ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді (Spanaki және т.б., 2021:1498-1516).

Экономикасы дамыған елдерде жасанды интеллект құралдарын енгізу процестерін, көп жағдайда, ғылыми зерттеулер мен инженерлік инновацияларға жауапты мемлекеттік органдар үйлестіреді. Бастапқыда бұл («Жасанды интеллект технологиялары» немесе «AI құралдары») технологиялар әскери және ғарыштық салаларда қолданылып, кейін ауыл шаруашылығында қолданыла бастады (Arakpogun et al., 2021:380). AI көмегімен ауылшаруашылық кәсіпорындары жерді өңдеу, дақылдарды өсіру үшін оңтайлы алаңдарды анықтай алады, су ресурстарын тиімді басқара алады, өсімдік және мал шаруашылығы шалдығыуы мүмкін ауруларды ерте кезеңде анықтай алады және тыңайтқыштарды пайдалануды оңтайландырады, соның нәтижесінде едәуір шығындар мен қателіктердің деңгейін азайтады (Dharmaraj and Vijayanand, 2018).

Жасанды интеллектті енгізудің экономикалық пайдасы да әсерлі. Мысалы, AI Ұлыбританияның ЖІӨ-н болжам бойынша 10,3%-ға арттырады, бұл 232 млрд фунт стерлингке (шамамен 317 млрд АҚШ долл.) баламалы (PWC, 2017). Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметі бойынша, 2019 жылдан 2020 жылға дейін AI-ға инвестиция 40%-ға өсіп, 67,9 млрд АҚШ долл. жетті.

Бұндай тенденциялар жаһандық деңгейде жасанды интеллекттің артып келе жатқан маңызды экономикалық әлеуетін көрсетеді, дегенмен, оның жүзеге асырылу дәрежесі жекелеген елдердің цифрлық трансформацияға дайындығына тікелей байланысты болып келеді. Қазақстан үшін цифрлық ілгерілеу, цифрлық теңсіздікті жою және ауыл шаруашылығына жасанды интеллектті енгізудің кешенді стратегиясын әзірлеу маңызды. Бұл БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына (UNSDGs), атап айтқанда, «аштықтың нөлдік» деңгейіне жету, «жауапты тұтыну және өндіріс» мақсаттарына қол жеткізу және азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту мақсатына жету үшін өзекті болып табылады.

Әдістеме

Зерттеу жұмысының әдістемесі ауыл шаруашылығы секторында жасанды интеллект пен үлкен деректер (Big Data) технологияларын енгізудің экономикалық тиімділігін кешенді бағалауға бағытталған. Әдістемелік негіз ретінде сапалық және сандық талдау тәсілдері үйлесімді түрде қолданылды.

Бірінші кезеңде теориялық-әдіснамалық база қалыптастырылды. Бұл мақсатта халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жүргізіліп, ауыл шаруашылығын цифрландыруға арналған стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, халықаралық ұйымдардың (FAO, БҰҰ, ЮНЕСКО) есептері контент-талдау әдісі арқылы зерттелді.

Екінші кезеңде аграрлық секторда AI және Big Data технологияларын енгізудің халықаралық және қазақстандық тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл ретте шетелдік және отандық агроинновациялық модельдер кейс-стади әдісі аясында қарастырылып, олардың тиімділік параметрлері мен қолдану ерекшеліктері сарапталды.

Үшінші кезеңде ауыл шаруашылығы мен инновациялық даму көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс деңгейін сандық тұрғыдан бағалау үшін Пирсон корреляция коэффициенті қолданылды. Бұл әдіс үздіксіз айнымалылар арасында сызықтық байланысты анықтауға бағытталған және зерттеудің макроэкономикалық деректер базасына сәйкес келеді. Корреляциялық талдау 2009–2023 жылдар аралығындағы ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми деректерін пайдалану арқылы жүргізілді. Есептеулер Python бағдарламалық қамтамасыз ету тілінің көмегімен жүзеге асырылды. Әдістердің мұндай үйлесімі жасанды интеллекттің агросекторға ықпалын әр қырынан талдауға, зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми жаңалығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Нәтижелер мен талқылау

Мақалада ауыл шаруашылығы секторында жасанды интеллектті қолданудағы жаһандық үрдістерге баса назар аударатырып, ауыл шаруашылығының негізгі секторларына талдау жасалады. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, логистиканы оңтайландыру, ауылшаруашылық дақылдардың өнімділігін болжау және азық-түлік жүйелерінің тұрақты-

лығын арттыру үшін жасанды интеллект технологияларын қолданудың әлемдік тәжірибесін егжей-тегжейлі сараптау жүргізіледі. Талдау барысында процесті автоматтандыру, дақылдардың денсаулығын бақылау үшін машиналық оқытуды пайдалану және тәуекелдерді болжау және басқару үшін үлкен деректер аналитикасын пайдалануды қоса алғанда, бірнеше аспектілер қарастырылады.

Сонымен бірге, Қазақстандағы жағдайды салыстырмалы талдауға ерекше назар аударылады. Елдің аграрлық секторында жасанды интеллектті енгізудің қазіргі деңгейіне баға беріліп, одан әрі дамудың кедергілері мен мүмкіндіктері анықталады деп күтілуде. Ауыл шаруашылығын цифрландыруға бағытталған

қолданыстағы ұлттық бастамаларды талдау және инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыратын мемлекеттік бағдарламалар мен стратегияларды зерделеу маңызды. Алынған деректер негізінде халықаралық тәжірибе мен жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстанның ауыл шаруашылығында жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану тұжырымдамасы ұсынылатын болады. *MDPI Sustainability* (2021) және *MDPI Agronomy* (2023) секілді рецензияланатын журналдарда жарияланған мақалалардың материалдарына жүйелі шолу жүргізе отырып, әлемдегі ауыл шаруашылығы секторында жасанды интеллектті қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын анықтауға болады:



1-сурет – Жасанды интеллект және азық-түліктік қамтамасыз ету жүйесі

Ескерту – (Pandey & Mishra, 2024), (Dhal & Kar, 2024) мәліметтері негізінде авторлар құрастырған

Жоғарыдағы ұсынылған шолу (1-сурет) негізінде ауыл шаруашылығы саласындағы түрлі бағыттар бойынша жасанды интеллект технологияларын қолданудың заманауи тәсілдерін қарастырайық.

Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру және тұрақты өнім алуда негізгі кедергілерді бірі – бұл өсімдіктердің аурулары мен зиянкестері. Ауыл шаруашылығы саласы өсімдік ауруларына байланысты жыл сайын миллиардтаған доллар шығынға ұшырайды (Ahmad et al., 2023:27-32) және өсімдік шаруашылығында зиянкестермен, аурулармен, арамшөптермен күресу, сонымен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен өсу қарқынын арттыру негізгі өзекті мәселе-

лер болып табылады. Мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі – ауыл шаруашылығы дақылдарының ауруларын ерте анықтау. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер жапырақ кескіндері негізінде ауруларды диагностикалау үшін жасанды интеллектті пайдалану нәтижесінде 75% дәлдікке қол жеткізуге болатынын көрсетті, бұл дәстүрлі диагностикалық әдістерден айтарлықтай жоғарырақ көрсеткіш.

Өсімдік шаруашылығындағы бұрыш ауруының таралу дәрежесін бағалау үшін *Pseudomonas lini* (PCA17) бактерияларының бұрыштың кеш күйікке қарсы биологиялық белсенділігін талдайтын PhytAi жүйесі қолданылды. Визуалды бағалау жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы салыстыру жүйенің жоғары дәлдігін

көрсетті. Күріш дақылдарындағы зиянкестерді ерте кезеңде анықтау үшін зиянкестердің суреттерін Imagga бұлттық платформасына жіберетін пилотсыз ұшатын аппараттарды (дрондарды) қолданатын әдіс әзірленді. Бұлтты жүйе зиянкестерді анықтайды және ақпарат фермерге әрі қарай әрекет ету үшін беріледі. Өз кезегінде, өсімдіктердің әртүрлі бөліктеріндегі күзгі күрттардың инвазиясын анықтау үшін терең үйірткілді нейрондық желіні қолдану арқылы жүгеріні өсіру барысындағы зиянкестермен күресте 87% дәлдікке қол жеткізілді.

Ұқсас мәселелерді жасанды интеллект құралдары көмегімен шешу үшін, мысалы, Пәкістанда бидай ауруларын диагностикалауға арналған Android операциялық жүйесіндегі құрылғыларда жұмыс істейтін мобильді қосымша әзірленді. Бұл қолданба анық емес интерференция жүйесін пайдаланады және ауыл шаруашылығы 100 нақты дақылдарының ауруы жағдайында сыналып, 99% дәлдікті көрсетті (Toseef, & Khan, 2018:49-58).

Бидай мен күріш дақылдарының зиянкестерімен күресу үшін «Agpest» атты ауыл шаруашылығына арналған сараптамалық жүйе құрылған. Бұл жүйе жасанды нейрондық желілерді (ANN), генетикалық алгоритмдерді (GA) және компьютерлік көру технологияларын пайдаланады (Ballea және т.б., 2014:262-268). Өсімдіктердің ауруларын анықтауда үйірткілді нейрондық желілерді (CNN) пайдалану 25 түрлі өсімдіктердегі ауруларды диагностикалау үшін 99,53% әсерлі дәлдікті көрсетті (Ferentinos, 2018:311-318). Жүйе өсімдіктердің фотосуреттерін талдайды, аурудың тән белгілерін немесе зиянкестердің болуын анықтайды, бұл агрономдарға өсімдіктерді қорғау бойынша шараларды жылдам қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс диагностиканың дәлдігін айтарлықтай жақсартады және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып, химиялық заттарды қолдануды барынша азайтады.

Сонымен қатар, үйірткілді нейрондық желілер (CNN) және рекуррентті нейрондық желілер (RNN) тіркесіміне негізделген жасанды интеллект бағдарламасын банан ағашының ауруларын ерте анықтау үшін әзірленді. Бұл модель ауруларды ерте кезеңдерінде тиімді анықтауға мүмкіндік беретін ағаштардағы суреттердің ретін талдайды. Бағдарлама фермерлерге егін шығынын барынша азайтуға және өсімдіктерді қорғау бойынша шұғыл шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді (Nandhini, 2018).

Ауыл шаруашылығындағы арамшөптерді анықтау және олармен тиімді күресу үшін дақылдар мен арамшөптерді ажырата алатын «кездейсоқ орманды» (Random Forest) қолданатын әдіс әзірленді. Бұл тәсіл дрондардан немесе камералардан алынған суреттерді талдауға негізделген және объектілерді дәл тану үшін жіктеу алгоритмдерін қолданады. Бұл әдісті қолдану химиялық заттарды қолдануды барынша азайтуға, ауыл шаруашылығын экологиялық тұрғыда таза етуге, сонымен қатар арамшөптермен күресуге кететін шығындарды азайтуға көмектеседі (Gao et al., 2018:39–50).

Өз кезегінде, суару және ауыл шаруашылығы дақылдарын сумен жеткілікті көлемде қамтамасыз етуге келсек, қарбыз және басқа да ауылшаруашылық дақылдарының сумен қамтамасыз ету қажеттілігін тиімді анықтау үшін жасанды нейрондық желілерді (ANN) (Yamaç et al., 2021) пайдалануға болатынын айта кету керек. Ауқымды су балансы сияқты дәстүрлі әдістердің орнына нейрондық желілер оңтайлы суару тереңдігі мен кезеңін дәл болжау үшін күрделі және үлкен деректерді талдауға қабілетті.

Сонымен қатар, жартылай құрғақ аймақтарда қант қызылшасының булануын болжау үшін тірек векторлық машиналар (SVM), кездейсоқ орман (RF) және адаптивті күшейту (бустинг) сияқты әртүрлі жасанды интеллект алгоритмдері (Yamaç, 2021) пайдаланылды. Осы әдістердің ішінде SVM әдісі ең жақсы дәлдікті көрсетті және қант қызылшасының булануын бағалау үшін ең тиімді болып саналды. Бұл тәсіл ауыл шаруашылығында суға сұранысты болжау мен суаруды басқаруды айтарлықтай жақсарта алады.

Судың булануын азайту және суды пайдалануды оңтайландыру үшін су мен электр энергиясын пайдалануды жоспарлау үшін FPM әдісінде қолданылатын Левенбург-Маркварт әдісі және кері таралу әдісі сияқты ANN алгоритмдері әзірленді (Karasekreter, 2012). Ауылшаруашылық тиімділігін арттыру үшін AI зияткерлік жүйелерде суаруды және өнімділікті арттыру үшін гербицидтерді қолдану процестерін оңтайландыру үшін қолданылады. Бұған бұрқу, суару және арамшөптерді жоюдың автоматтандырылған әдістері жатады (Talaviya, 2020).

Кез келген өңірде өнім көлемін картографиялау үшін (Zhang et al., 2022) тарихи егістік деректеріне, сондай-ақ қашықтықтан зондтау мәліметтеріне негізделген автоматтандырылған әдіс әзірленді. Бұл әдіс егістік алқаптарының

кеңістіктік-уақыттық сипаттамаларын ескере отырып, жыл мезгіліне қарамастан, дақыл түрлерін дәл әрі тиімді түрде жіктеуге мүмкіндік береді. Жүйе нақты өңірдің тарихи деректеріне сүйенетіндіктен, картографиялау нәтижелерінің нақтылығы мен өзектілігі жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі.

Ал күріштің өсу қарқынын болжау барысында жасанды нейрондық желілердің дәлдігі регрессиондық алгоритмдермен салыстырғанда анағұрлым жоғары екені дәлелденді. Бұл ретте ген экспрессиясын бағдарламалау да қарастырылған. Өнім жинау мерзімін оңтайландыру және ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында жасанды нейрондық желілер мен генетикалық алгоритмдер өнімнің өсу кезеңін дәл анықтай алады (Liu, 2021).

Сондай-ақ соя дақылының өнімділігін болжау үшін терең нейрондық желілерді қолданатын байесовтық мультимодельдеу әдісі тиімді нәтиже көрсетті (Abbaszadeh, 2022).

Егіс алқаптарын бақылау мақсатында дрондарды қолдану нәтижесінде осыған дейін қолмен орындалатын операцияларға кететін уақыт едәуір қысқарғаны байқалды (Balan, 2016:74).

Жоғарыда қарастырылған бағыттар аясында Қазақстандағы ауылшаруашылығы саласын цифрландыру және жасанды интеллект элементтерін енгізу белсенді түрде жүзеге асырылып келеді. Қазіргі кезеңде бірқатар цифрлық жүйелер іс жүзінде жұмыс істеуде. Атап айтқанда, мемлекеттік субсидиялау жүйесі, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жүйесі, АӨК-ті басқаруға арналған «e-Agriculture» автоматтандырылған платформасы, сондай-ақ «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберіндегі микрокредитеу бойынша ақпараттық жүйе. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығындағы өнімнің қадағалану жүйесі әзірлеу сатысында тұр (2025 жылдың ақпан айы жағдайы бойынша) (Bluescreen.kz, 2025).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдан бастап өсімдік шаруашылығы өнімдерінің айналымын толық қамтитын – тұқым себуден бастап экспортқа дейінгі – қадағалау жүйесі кезең-кезеңімен енгізілуде. Бұл бастама ауыл шаруашылығы өндірісінің ашықтығын арттыруға және өнімнің сапасын бақылауды күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар, министрліктің мәліметіне сәйкес, жасанды интеллект негізіндегі бірқатар шешімдер ендірілуде: субсидиялауға өтінімдерді қабылдайтын чат-боттар, топырақ

құрамын бағалайтын интеллектуалды талдау жүйелері, зиянкестермен күрес жүргізетін дрондар, сондай-ақ өнімділік пен климаттық тәуекелдерді болжау және суару үдерісін оңтайландыру құралдары (Bluescreen.kz, 2025).

Astana Hub ұсынған мәліметтерге сүйенсек (Astana Hub, 2024), бүгінде Қазақстанда 116 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жерлері спутниктік мониторинг жүйесіне қосылған. Бұл тәсіл егістік алқаптарының жағдайын тұрақты бақылауға, олардың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бағалауға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бірыңғай базасымен деректер алмасуға жол ашады. Осындай технологиялар арқылы жасанды интеллектке негізделген басқару шешімдерін қабылдаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуда.

Сонымен қатар, 2022 жылдан бері мемлекетке тиімсіз пайдаланылып келген 12 миллион гектар жер қайтарылған. Бұл шаралар жер ресурстарын тиімді басқарудың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады.

Сондай-ақ, 2024 жылдан бастап өсімдік шаруашылығындағы өнім қозғалысын тұқым себуден бастап экспортқа дейін бақылауға мүмкіндік беретін қадағалау жүйесі іске қосыла бастады. Бұл жүйе ашықтықты қамтамасыз етіп қана қоймай, жасанды интеллектті өндірістің барлық кезеңіне ендіруге алғышарт жасайды.

Жоғарыда аталған бастамалармен қатар, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымына (ФАО) жер деградациясымен күрес бағдарламаларына жасанды интеллектті енгізуге бағытталған жобаны қаржыландыру үшін ресми түрде жүгінген. Аталған бастама Қазақстан аумағында кең таралған үйірлі шегірткелердің (азиялық, мароккалық және италиялық түрлері) ауыл шаруашылығы дақылдарына келтіретін залалын азайту қажеттілігімен негізделеді. Жоба шеңберінде зиянкестердің таралу ошақтарын ерте анықтауға және мониторинг жүргізуге арналған геоақпараттық жүйені жасанды интеллект элементтерімен әзірлеу көзделіп отыр (AgroSektor.kz, 2025).

Ауыл шаруашылығы өндірісінің цифрлық трансформациясы тек егін шаруашылығымен шектелмейді. Соңғы жылдары жасанды интеллект пен смарт-технологиялар мал шаруашылығы саласына да белсенді түрде енгізілуде. Алайда табысы төмен және орта деңгейдегі елдерде бұл технологиялардың салаға нақты әсері жөнінде толыққанды деректер әлі де жеткіліксіз. Мұндай елдер қатарына кіретін Кения мен

Үндістанда цифрлық құралдар сүтті ірі қара мен құс шаруашылығында белсенді қолданылады. Атап айтқанда, бұл құралдар табынды бақылау, жайылымдарды басқару және қолдан ұрықтандыру секілді процестерді оңтайландыруда қолданылады.

Мысалы, Farmtree қосымшасы фермер енгізген деректер негізінде лактация кезіндегі сүт өнімділігін, өнімділік шығын және тәуліктік сауынды есептейді. Бұл шешімдер фермерлерге сүт өндірісін оңтайландыруға көмектеседі. Сонымен қатар, терең оқытуға негізделген жүйелер арқылы сиырларды автоматты түрде сәйкестендіру және олардың күйін бағалау құралдары әзірленген. Мұндай жүйелер жануардың семіздігін нақты бағалауға және адам факторынан туындайтын қателіктерді азайтуға мүмкіндік береді (Daum, 2022).

Сондай-ақ, өнімділік көрсеткіштерін болжау саласында да жасанды нейрондық желілер өз артықшылығын көрсетті. Мысалы, сиырлардың сүт бездерінің ультрадыбыстық бейнелері негізінде олардың өнімділік кезеңі мен күтілетін тәуліктік сауынды болжауға арналған жүйелер құрылды. Бұл әдістер дәстүрлі Вуд моделіне қарағанда анағұрлым жоғары дәлдікпен нәтиже береді және үлкен деректер көлемін қажет етпейді (Sun, 2019).

Ал, Moosage секілді Интернет заттар жүйесіне (IoT) негізделген платформалар фермерлерге әр сиырдың өнімділігін жекелей бақылауға, азықтандыру режимін нақтылауға және уақытылы түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Бұл жүйелер нақты уақыт режимінде ақпарат ұсынып, фермерлік шешімдерді жылдам әрі дәл қабылдауға жәрдемдеседі (da Rosa Righi, 2019).

Жануарлар денсаулығын бақылау – цифрлық шешімдердің тағы бір маңызды бағыты. Мысалы, машиналық оқыту мен «тұманды есептеулер» (fog computing) технологиясына негізделген хромотаны (ақсауды) ерте анықтау жүйесі әзірленді. Бұл жүйе ауру белгілерін адамның көзіне көрінбей тұрып бірнеше күн бұрын анықтай алады. Мұндай тәсіл емдеудің тиімділігін арттырып, шығындарды азайтады (Denholm, 2020).

Жалпы алғанда, жасанды интеллект, машиналық оқыту және IoT шешімдері мал шаруашылығы саласындағы тиімділік пен тұрақтылықты

арттыруға бағытталған қуатты құралға айналып отыр. Әсіресе, дамушы экономикаларда бұл технологиялар фермерлік шаруашылықты жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Елдегі мал шаруашылығы саласында жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша бірқатар нақты жобалар жүзеге асырылуда. Солардың ішінде ерекше атап өтуге болатын бастамалардың бірі – ірі қара малды тануға арналған интеллектуалды жүйенің әзірленуі. Бұл жүйе YOLOv5, ArcFace және Paddle OCR алгоритмдеріне негізделіп жасалған және малдың бет-пішіні мен құлақ таңбасын автоматты түрде тану мүмкіндігін береді. Мұндай тәсіл субсидиялау жүйесіндегі алаяқтық әрекеттердің алдын алуға және мал басын есепке алу жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (Sputnik Казахстан, 2024).

Сонымен қатар, Ақмола облысындағы «Еңбек» ЖШС негізінде жасанды интеллектпен басқарылатын заманауи сүт-тауарлы ферма құрылған. Бұл фермада сиырларды сауу және азықтандыру процестері толығымен автоматтандырылған. Малдар арнайы орнатылған доильді станцияларға өз еркімен келеді, ал жүйе әрбір жануардың физиологиялық жағдайы мен соңғы сауу уақытын талдау арқылы қолжетімділікті реттейді. Мұндай шешімдер адам еңбегінің араласуын барынша азайтып, сүт өндірісінің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді (Ныгметов, 2025).

Ауыл шаруашылығы саласында жасанды интеллектті енгізу үрдістерін жүйелі түрде талдағаннан кейін, саланың дамуына ықпал ететін негізгі факторларды сандық тұрғыдан бағалау қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта инновациялық белсенділік, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) инвестициялар көлемі, сондай-ақ аграрлық өндірістің тұрақтылығымен байланысты бірқатар көрсеткіштер тандалып алынды.

Алдағы корреляциялық талдау осы айнымалылар арасындағы өзара байланыс деңгейін анықтауға бағытталған. Бұл агросектордың технологиялық трансформациясын негіздеуге және стратегиялық шешімдер қабылдауға ғылыми база қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қолданылатын негізгі көрсеткіштер тізімі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Ауыл шаруашылығы саласындағы жасанды интеллект пен инновациялық даму көрсеткіштерінің сипаттамасы

№	Көрсеткіштер атауы	Сипаттамасы
1	Ауыл шаруашылығының ЖІӨ-сі (Agri GDP), млн теңге	Экономиканың аграрлық секторындағы негізгі интегралды көрсеткіш. Оның инновациялармен және инвестициялармен өзара байланысын талдау жасанды интеллект пен технологиялық шешімдердің өнімділік пен тиімділікке әсерін бағалауға мүмкіндік береді.
2	Ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар (Agri Inv), млн теңге	Мемлекеттік және жекеменшік инвестициялардың деңгейін сипаттайды. Инвестициялар ағынының артуы ауыл шаруашылығында, соның ішінде ИИ шешімдерін енгізу бағытында белсенділіктің жоғарылауына ықпал етуі мүмкін.
3	Ауыл шаруашылығы саласындағы ҒЗТҚЖ шығындары, млн теңге	Білім мен технологиялық әзірлемелерге салынған инвестициялар деңгейін көрсетеді. Бұл көрсеткіш цифрлық трансформация үшін маңызды.
4	ҒЗТҚЖ жүргізетін компаниялар саны (R&D Firms)	Елдің ғылыми-техникалық әлеуетін сипаттайды. Аграрлық салада жасанды интеллектке қатысты шешімдердің әзірленуі мен қолданылу деңгейін жанама түрде көрсетеді.
5	Инновациялық белсенділік деңгейі (Innov Act)	Елдегі жалпы технологиялық қабылдағыштық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Инновациялық белсенділіктің жоғары деңгейі ауыл шаруашылығында ИИ шешімдерін енгізуге қолайлы орта қалыптастырады.
6	Жоғары технологиялық өнім экспорты (Hi-tech Exp)	Елдің жоғары қосылған құны бар өнім өндіру және экспорттау қабілетін сипаттайды. Мұндай өнімдердің болуы ИИ шешімдерін әзірлеу әлеуетінің бар екенін көрсете алады.
7	Өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар (Manuf Inv), млн теңге	Технологиялық жаңғырту деңгейін сипаттайды. Бұл салалар ауыл шаруашылығы үшін қажетті ИИ-технологияларды жеткізуші болуы мүмкін.
8	Инновациялық сектордың ЖІӨ-дегі үлесі (Innov GDP), %	Жалпы экономиканың инновациялық дамуын сипаттайды. Бұл көрсеткіш ИИ-дың ұлттық даму деңгейінде қандай рөл атқара алатынын түсінуге мүмкіндік береді.
9	Өңдеу өнеркәсібіндегі инновацияларға жұмсалатын шығындар (Manuf Innov Cost), млн теңге	Өңдеуші сектордағы технологиялық көшу мен ИИ шешімдерін әзірлеуге бөлінген инвестициялар көлемін көрсетеді. Бұл ауыл шаруашылығы үшін маңызды технологиялардың қолжетімділігін көрсетеді.
Ескерту – көрсеткіштерді таңдау ғылыми әдебиеттегі деректерге, салалық маңыздылығына және өзара ықпалдастықты талдау қажеттілігіне негізделді		

Осы орайда, Қазақстанда аграрлық секторды цифрландыруға бағытталған белсенді қадамдарға қарамастан, жасанды интеллект технологияларын дамыту әлі де бастапқы кезеңде екенін мойындау қажет. Зерттеудің негізгі қиындықтарының бірі – сала бойынша егжей-тегжейлі статистикалық деректердің жеткіліксіздігі, әсіресе ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігі салаларында жасанды интеллектті қолдану бойынша нақты мәліметтердің болмауы.

Осыған байланысты бұл зерттеуде инновациялық белсенділік, ғылыми әзірлемелер көлемі мен технологиялық прогресс деңгейін жанама сипаттайтын көрсеткіштер пайдаланылды. Бұл индикаторлар ауыл шаруашылығы саласында ЖИ енгізуге ықпал ететін орта туралы базалық түсінік алуға мүмкіндік береді.

Болашақта зерттеулер арнайы мәліметтер базасын қалыптастыру мен жасанды интеллекттің аграрлық өнімділік пен азық-түлік қауіпсіздігіне әсерін тереңірек талдау бағытына бағытталуы мүмкін. Мұндай тәсіл сала ерекшеліктерін ескере отырып, ЖИ-ды тиімді енгізудің стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

2-кестеде 2009–2023 жылдар аралығындағы эмпирикалық зерттеуге енгізілген негізгі айнымалылар бойынша сипаттамалық статистика ұсынылған. Бұл бөлімде арифметикалық орта мән (Mean), стандарттық ауытқу (Std. Dev.), ең төменгі (Min) және ең жоғарғы (Max) мәндер көрсетілген. Берілген статистика көрсеткіштердің таралуы мен өзгеріс ауқымын бағалауға мүмкіндік береді және келесі корреляциялық талдаудың бастапқы негізі ретінде қызмет етеді.

2-кесте – Сипаттамалық статистика

	Көрсеткіштер атауы	Орташа	Стандартты ауытқу	Минимум	Максимум
1	Ауыл шаруашылығының ЖІӨ-сі (Agri GDP), млн теңге	1086214,81	728789,96	280644,63	2776961,14
2	Ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар (Agri Inv), млн теңге	362394,47	289151,76	77544,00	904264,00
3	Ауыл шаруашылығы саласындағы ҒЗТҚЖ шығындары, млн теңге	8693,10	4905,35	3310,94	20109,90
4	ҒЗТҚЖ жүргізетін компаниялар саны (R&D Firms)	395	27,3	341	438
5	Инновациялық белсенділік деңгейі (Innov Act)	8,63	2,64	4,00	11,70
6	Жоғары технологиялық өнім экспорты (Hi-tech Exp)	2707955794,40	946824367,49	1772255489	5145671171
7	Өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар (Manuf Inv), млн теңге	11,56	1,06	10,28	13,61
8	Инновациялық сектордың ЖІӨ-дегі үлесі (Innov GDP), %	1,40	0,54	0,49	2,43
9	Өңдеу өнеркәсібіндегі инновацияларға жұмсалатын шығындар (Manuf Innov Cost), млн теңге	462823,58	408085,14	27819,74	1358039,30

Ескерту – Статистикалық деректер ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросының «Салалық статистика» және «Экономика» бөлімдеріндегі ашық деректер негізінде авторлар тарапынан жиналып, өңделді

Ұсынылған айнаымалылар бойынша сипаттамалық статистика Қазақстандағы ауыл шаруашылығына жасанды интеллектті (ЖИ) енгізу әлеуетін айқындайтын негізгі экономикалық және инновациялық көрсеткіштердің қазіргі жай-күйін бағалауға мүмкіндік береді. Алынған мәндер экономикалық даму деңгейі мен инновациялық белсенділіктің жоғары әркелкілігін көрсетеді, бұл өз кезегінде өсу нүктелерінің де, жүйелі шектеулердің де бар екенін айғақтайды.

2-кестеге талдау жүргізсек, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі қарастарылып отырған кезең аралығында (2009-2023) орта есеппен 1086,2 млрд теңгені құрады, алайда көрсеткіштің дисперсиясы айтарлықтай жоғары (280,6 млрд теңгеден 2776,9 млрд теңгеге дейін), бұл саланың тұрақсыздығын және сыртқы күйзелістерге сезімталдығын білдіреді. Осындай үрдіс ауыл шаруашылығына тартылған инвестициялар көлемінде де байқалады – 77,5-тен 904,3 млрд теңгеге дейін. Бұл деректер агросекторды жаңғыртуға, соның ішінде цифрлық трансформацияға капитал салымдарының жеткіліксіз екенін көрсетеді.


Ауыл шаруашылығы ғылымындағы ҒЗТҚЖ шығындары да төмен деңгейде қалып

отыр – орта есеппен 8693 млн теңге. Бұл заманауи технологияларды, оның ішінде ЖИ шешімдерін әзірлеу мен бейімдеуді шектейді. ҒЗТҚЖ-мен айналысатын компаниялар саны (орта есеппен 395) іс жүзінде өзгеріссіз қалуда, бұл аграрлық саладағы инновациялық инфрақұрылымның жеткілікті дамымағанын дәлелдейді.

Инновациялық белсенділік деңгейі (8,63%) мен инновациялық сектордың ЖІӨ-дегі үлесі (1,4%) экономиканың жалпы цифрлық жетілу деңгейінің төмендігін көрсетеді. Дегенмен, жоғары технологиялық өнім экспорты көлемінің күрт ауытқуы (177,2 млрд теңгеден 5145,7 млрд теңгеге дейін) бір реттік ірі жеткізілімдермен немесе секірмелі экспорттық операциялармен түсіндірілуі мүмкін, бұл тереңірек талдауды қажет етеді.

